

К.Т. Бодеев^{*} , Н.А. Амантаева *Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан*
(E-mail: kanat.bodeev@mail.ru; amantaevanazerke5@gmail.com)

Қарағанды облысының әкімшілік-аумақтық өзгерістерінің тарихы (1932–2022 жж.)

Мақалада Қазақстан Республикасында аумағының көлемі бойынша екінші саналатын Қарағанды облысының әкімшілік-аумақтық өзгерістері зерделенген. Архив материалдары мен мемлекеттік маңызы бар заңды құжаттар негізінде, алғаш Қарағанды облысы құрылған кезеңнен бастап, облыс аумағында болған соңғы ең ірі аумақтық өзгеріс, Ұлытау облысы бөлініп шыққанға дейінгі аралық зерттеледі. Зерттеудің маңызы, кеңес дәуіріндегі Қарағанды облысының алғаш құрылған кезеңінен бастап, тәуелсіздік алған кезеңде жүзеге асқан аумақтық өзгерістердің жүйелі түрде қарастырылуында. Авторлар Қарағанды облысының қазіргі аумағының қалыптасуындағы әкімшілік-аумақтық өзгерістердің кезеңдері мен себеп-салдарларының кеңестік аумақтық межелеу негізінде орындалғаны, жергілікті ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық, экономикалық мүмкіндіктері мен рулық-тайпалық көші-қон бағыттарының ерекшеліктерін ескермей жүргізген, Қазақстан тәуелсіздік алған тұста да бұл процесс жалғасын тауып, кеңестік кезеңде қалыптасқан аумақтық межелеу негізінде жалғасты деген қорытындылар жасайды. Қарағанды облысының аумағындағы әкімшілік-аумақтық өзгерістердің республика көлемінде жүргізілген іс-шаралар шеңберінде жүргізілген. Аумақты межелеу шараларының көбіне орталықта шешіліп отырғандығы дәлелденді.

Кілт сөздер: Қарағанды облысы, тарих, әкімшілік-аумақтық өзгерістер, кеңес дәуірі, Қазақ КСР-і, тәуелсіз Қазақстан.

Kipicne

Мақаланың өзектілігі бүгінде аумағы Қарағанды және Ұлытау облыстары қамтитын Орталық Қазақстанның барлық тарихи кезеңдерде этносаяси оқиғалардың орталық аймағы болуында. Ежелгі дәуірден, Қазақ хандығы құрылған уақытта, патшалық Ресейдің отарлау кезеңінде де күрделі тарихи процестердің ошағы болды. XIX ғасырда патша өкіметі жүргізген әкімшілік-басқару реформалары жүзеге асқан уақытта да, әкімшілік аумақтық бөлініске ұшырап, аймақта округ орталықтары болған елдімекендер қалыптасты. Орталық Қазақстанның индустриялық маңызы ертеден белгілі болып, уақыт өте келе оның маңызы арта берді.

Мақаланың мақсаты хронологиялық шеңберді қамти отырып, Қарағанды облысында орын алған әкімшілік-аумақтық өзгерістердің, аймақ, отан тарихындағы орнын зерделеу. Осыған байланысты, архив құжаттары негізінде Қарағанды облысында орын алған әкімшілік-аумақтық өзгерістердің тарихын жүйелеп жазып, оның себептерін анықтап, салдарларын талдау жүзеге асады. Себебі, индустриялық тұрғыдан маңызы жоғары Қарағанды облысының, кеңестік билік тарапынан жіті бақылауда болғаны белгілі. Ендеше, Қарағанды облысының мысалы негізінде Қазақ КСР-і аумағында орын алған реформалардың мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Патшалық Ресейдің Қазақстан аумағында алғаш әкімшілік-аумақтық реформаларды жүргізуі жайлы зерттегендердің бірі Б.М. Абдрахманова [1]. Ол ресейлік әкімшілік жүйені енгізудің негізгі себептерінің бірі ретінде, қазақтардың жаңа билікке бағынбауын, қазақ хандарының қолында түбегейлі биліктің болмауынан, патша әкімшілігінің жаңа жүйені алдап-арбау, қорқыту, жекелеген тұлғаларға пара беру т.б. арқылы жүзеге асырғанын атап өтеді. Нақты мақаланың хронологиялық шеңберіне сәйкес келмесе де, патша әкімшілігінің күштеу әдістерінің кейінгі кеңес өкіметі де қолданғанын атап өткен жөн.

Қарағанды облысы құрамында белгілі бір кезеңде қазіргі Ұлытау облысының болғандығын ескерсек, тарихшы ғалымдар М.С. Жакин, Т.Т. Аршабеков, Ж.А. Жұмабековтің өлкенің топонимикасы бойынша зерттеулері маңызды [2], [3], [4]. Бұл еңбектерде келешек Қарағанды облысы құрамына кірген елдімекендердің атауларының өзгеруі, әкімшілік орталықтар мен аумақтық

^{*} Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kanat.bodeev@mail.ru

өзгерістер жайлы жан-жақты зерттелген. М.С. Жакин кеңес өкіметі алғаш орнаған жылдардағы әкімшілік аумақтық бөліністе жіберген олқылықтар жайлы «Отарлық әкімшілік реформалар дәстүрлі билік пен басқару жүйесін толық жою мақсатында үлкен жетістіктерге жеткенімен, оның орнына орнатқан әкімшілік жүйенің төменгі звенодағы бірліктерінің (болыс) құрылуының бекітілген қатаң тәртібі болмағандықтан 1921 жылдың аяғында болыстардың саны Қазақстан бойынша мыңнан асып, ауылдық және селолық Кеңестердің саны 8135-ке жетті. 2-3, тіпті 1-ақ ауылдан тұратын болыстар кездесетін жағдайлар болды» дейді [2; 135]. Кеңес өкіметінің аумақты ретсіз бөлшектеу немесе ірілендіру процесі жайлы «Бұндай жағдай, біреуінің, басқаруға икемсіз, кең аумақты қамтып жатуы; екіншісінің, басқаруға жөнсіз шығып кететін, тым ұсақтануы көптеген қиындықтар туғызатын болды» дейді [3; 168]. Бұл тұжырымдар кеңестік биліктің алғашқы жылдарда үлкен аумақты әкімшілік тұрғыдан игере алмағандығын көрсетеді.

1917 жылы Қазақстан аумағында құрылған Алаш Орда мен Түркістан автономиялары, кеңес билігі күшейген тұста жойылды. Ал, зерттеулерде осы кезеңдегі Кеңес өкіметінің әкімшілік-аумақтық өзгерістерді енгізуі жайлы «Кеңес өкіметі аумақтарды басқаруды орталық тарапынан тікелей жүзеге асырды... Орталық өз саясатын жүзеге асыру мақсатында аумақтарды басқарудың ең тиімді және өзіне қолайлы ұйымдастыру жолдарын іздеді. Аумақ және әкімшілік-аумақтық құрылым Негізгі Заң — Конституцияда кезең-кезеңімен бекітілді. Басқарудың жетекші қағидаты ретінде аумақтарға қатысты орталықтың шешуші рөлін айқындаған лениндік ұстаным басшылыққа алынды» деп жазды [5].

Кеңестік билік Қазақстанда әкімшілік-аумақтық аудандастыруды жүргізуде күштеу әдістерін жиі қолданғаны жайлы пікірлерді көптеген зерттеушілер атап өтті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта, осыған дейін қалыптасқан әкімшілік аумақтық өзгерістер «дәстүрлі» саналып қолданыста болды.

Материалдар және әдістер

Мақаланы жазуда қазақстандық архив құжаттары мен әкімшілік-аумақтық өзгерістер жайлы мәлімет беретін деректік жинақтар пайдаланылды. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің (әрі қарай — ҚР ОМА) № 30, 1109, 1697-қорлары, Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік архивінің (әрі қарай — СҚМА) № 1189-қоры, Қарағанды облыстық Мемлекеттік архивінің (әрі қарай — ҚОМА) № 257 қорының құжаттары. Қазақстан аумағындағы әкімшілік-аумақтық өзгерістер, оның себептері мен орталықта қабылданған директивті құжаттар енген КСРО Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, әр жылдардағы әкімшілік-аумақтық өзгерістер жайлы мәліметтер бар жинақтар қолданылды. Аталған деректік құжаттарда партия және жергілікті атқарушы органдардың шешімдері, қарарлар, хаттамалар, облыс және аудандар аумағындағы әкімшілік-аумақтық өзгерістеріне қатысты қызметтік жазбалар, есептер т.б. мәліметтер жинақталған. Аталған деректер мақаланың зерттеу нысаны болып отырған әкімшілік-аумақтық өзгерістерді жүйелі талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеліп отырған тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес мақаланы жазу барысында жалпы ғылыми талдау, синтез, жалпылау, салыстыру әдістері қолданылды. Талдау әдісі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді мемлекеттік саясаттың негізгі құрамдас бөлігі ретінде зерттеуге мүмкіндік берді. Ал синтездеу арқылы талдау барысында кезеңдер бойынша алынған нәтижелер жүйеленіп біріктірілді. Жалпылау әдісі зерттеу нәтижелері бойынша негізгі тұжырымдамалар жасауда қолданылса, салыстыру әдісі арқылы Қазақ КСР мен Қазақстан Республикасы, сонымен қатар аумақтық өзгерістер орын алған уақыттағы ұқсастық немесе ерекшеліктерді анықтау жүзеге асты.

Арнайы тарихи зерттеу әдістерінен статистикалық, ретроспективтік, тарихи жүйелік, хронологиялық, сонымен қатар тарихнамалық талдаудың дәстүрлі әдістері пайдаланылды. Статистикалық әдіс аумақтық өзгерістерге сәйкес елдімекендер, халық санына қатысты мәліметтерді тұжырымдауда, ал ретроспективті әдіс әкімшілік-аумақтық реформалардың себеп-салдарын нақтылауда қолданылды. Тарихи жүйелік әдісі арқылы қарастырылып отырған кезеңдегі ресми саясат негізінде орын алған тарихи оқиғалар біртұтас талданды. Хронологиялық әдіс зерттеу шеңберінде болған оқиғалардың пайда болуын, дамуын және себептерін түсінуде қолданылды. Тарихнамалық талдау әдісі ғалымдардың бағыттары мен көзқарастарындағы ортақ және ерекше тұстарды анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелері

Сонымен, Қазақстан аумағында кеңес өкіметінің орнауы қарсаңында құрылған екі автономия да жойылды. Кеңестік билік біртұтас мемлекет құру мақсатында, жергілікті мемлекеттік құрылымдардың жеке дара өмір сүруіне, шеткері орналасқан халықтардың өз мемлекеттік құрылымдарын қалыптастыруына мүмкіндік бермеді. Қазақ зиялыларының патшалық билік жүйесі жойылғаннан кейінгі, дербес дамуға деген ұмтылысын жойды.

Қазақ халқының көпғасырлық отаршылдыққа қарсы күресінің нәтижесі және оның ұлттық жаңғыруының алғашқы қадамы Қазақ АКСР-інің құрылуы болды. 1920 жылғы 26 тамызда РКФСР құрамында «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет жарияланды [6]. Декретке сәйкес құрылған автономия құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Красноводск уезінің 4-інші және 5-інші Адай болыстары, Астрахан губерниясының Синемор, Бөкей ордалары кірді [6; 98]. Автономияның аумағы анықталғанымен бірқатар шектеулер енгізді. Қаржы, шаруашылық, аумақтық даулы мәселелерде соңғы шешімді қабылдау РКФСР-дың орталық мекемелері құзыретіне берілді. Сонымен қатар, Ақмола және Семей облыстары уақытша Омбы қаласында орналасқан Сібір революциялық комитетіне қарады.

1921 жылы 25 сәуірде Ақмола губерниясы құрылды (орталығы — Петропавл қаласы). Оның құрамына бұрынғы Ақмола облысының төрт: Ақмола (75 болыс), Атбасар (51 болыс), Көкшетау (63 болыс) және Петропавл уездері (44 болыс) кірді. Бұл уездер революцияға дейінгі кезеңде де болған.

1928 жылы губерниялық әкімшілік-аумақтық бөлініс таратылып, округтік жүйе енгізілді. 1928 жылғы 17 қаңтарда Ақмола губерниясының Петропавл уезінің болыстары мен Атбасар және Көкшетау уездерінің бір бөліктері негізінде орталығы Петропавл қаласында орналасқан Петропавл округі құрылды. Сол уақытта болыстық бөлініс жойылып, оның орнына аудандық бөлініс енді [7].

Қазақ АКСР-і атқару комитеті нақты мәселелерді шешуге ұмтылыс жасады. 1930 жылы 5 шілдеде Халық Комиссарлары Кеңесінің «Халық Комиссарлары Кеңесі мен Мемлекеттік жоспарлау комитетінің аппаратын 1930 жылға және бесжылдық кезеңге жергіліктендіру» қаулысында «Орталық және аудандық аппараттардың жұмысын айтарлықтай жергіліктендіруді қамтамасыз ету және оны жергілікті халықтың және ұлттық аудандардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бейімдеу (бесжылдық жоспарға байланысты)» жайлы мәселелер көтерді [8].

Қазақстан аумағындағы келесі күрделі өзгерістердің бірі 1932 жылы ақпан-наурыз айларында орын алды. 1932 жылғы 20 ақпанда өткен Қазақ АКСР-і ОАК-нің II сессиясында Қазақстандағы индустрияландырудың әрі қарай дамуы, өнеркәсіп кәсіпорындарының пайда болуы, жаңа совхоздар, МТС және колхоздардың салынуы байланыстың жеткілікті құралдарының болмауы жағдайында әрбір ірілендірілген ауданды республикалық және шаруашылық басшылық органдары тарапынан жекелеп әрі жедел басқаруды қиындататыны айтылды. Сондай-ақ республикадағы жекелеген өңірлердің шаруашылық бағытының әртүрлілігі ескерілді. Сессияның бұл шешімі 1932 жылғы 10 наурыздағы БОАК-нің «Қазақстан облыстарын құру туралы» қаулысымен бекітілді [7; 160]. Қазақ АКСР-і аумағында алты Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары құрылды. Сонымен қатар, реформа Қазақстанда басқарудың төрт буынды жүйесін қайта қалпына келтіріп, орталық — облыс — аудан — ауылдық кеңес басқару жүйесін енгізді.

Бүгінде Қазақстан Республикасының аумағы республикалық және жергілікті мүдделерді оңтайлы ұштастыру негізінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін негізгі екі санатқа — өңірлерге және елдімекендерге бөлінеді. Өңір — Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елдімекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі. Елдімекен — Қазақстан Республикасы аумағының халық жинақы орналасқан, халық саны кемінде 50 адам болатын, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есепке алынған және тіркелген әрі жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі [9]. Мемлекеттегі биліктің негізгі қызметінің бірі халықтың әл-ауқатын қадағалау, жақсы өмір сүруін, тиімді орналасуын қамтамасыз ету. Әкімшілік-аумақтық құрылымдағы өзгерістер де осы жұмысты жеңілдетуі тиіс.

Ал, Кеңес дәуірінде халықты орналастырумен КСРО Мемлекеттік құрылыс жүйесінің жоспарлау және ғылыми-зерттеу институттары айналысты [10]. Қазақ КСР-дегі халықты қалаларда орналастыру

мәселесімен Казгипроград және Алматыгипрогор мемлекеттік жоспарлау институттары айналысты. Аталған мекемелер Қазақстан қалаларының дамуын болжау, қоршаған орта мен ауа бассейнінің схемасын жасаумен айналысты.

XX ғ. 30-40 жж. Қазақстандағы қалалар мен жұмысшылар поселкелерінің дамуындағы ерекшеліктер: бірегей қызмет атқару (тау-кен, көлік жолдары, мұнай игеру т.б.); агломерациялылық пен қала халқының көпұлттылығы. Халық санының аздығы мен өндіріс орындарының белсенді игерілуіне байланысты Орталық Қазақстан жаппай игеру аймағына жатты [11].

Қарағанды облысының ірі өндіріс ошағы ретінде дамуы мен халық санының артуына сәйкес 1931 жылы 22 наурызда Қазақ АКСР ОАК-нің шешімімен Қарағанды елдімекені поселке санатына жатқызылды [12]. Ал 1934 жылы 10 ақпанда БОАК қаулысымен, Қарағандыға қала статусы беріліп, Қарағанды қалалық кеңесі құрылып, Қарағанды облыстық атқару комитетіне бағындырылды [13]. Индустрияландырумен қатар урбандалу процесі жүрді. Индустрияландыру Қазақстанды одақтық шикізат көзіне айналдырды.

Қарағанды қаласының өндіріс ошағы ретінде пайда болған серіктес қалалары Теміртау, Саран, Абай, Шахтинск т.б. қала статусын алуы түрлі жылдарда жүзеге асты. Серіктес қалалардың маңызының артуы соғыс жылдарында жүзеге асты. Соғыс жылдарында өніме бере бастаған кен орындары, соғыстан кейін туындағын түрлі себептерге байланысты қала статусына ие болып, Қарағанды агломерациясын құрады.

Талқылау

Сонымен, 1932 жылы наурызда Қарағанды облысы құрылды. Қарағанды облысының әкімшілік орталығы Петропавл қаласында орналасып, құрамына келесі аудандар кірді: орталығы Володарское ауылында орналасқан Айыртау ауданы; орталығы Ақмола қаласында орналасқан Ақмола ауданы; орталығы Балкашино ауылы болған Арықбалық ауданы; орталығы Атбасар қаласында орналасқан Атбасар ауданы; орталығы Бейнетқор ауылында орналасқан Бейнетқор ауданы; орталығы Булаево ауылында орналасқан Булаев ауданы; орталығы Есіл ауылында орналасқан Есіл ауданы; орталығы Атасу ауылында орналасқан Жаңаарқа ауданы; орталығы Кішкенекөл ауылында орналасқан Қызылту ауданы; орталығы Көкшетау қаласында орналасқан Көкшетау ауданы; орталығы Қорғалжың ауылы болған Қорғалжың ауданы; орталығы Явленка ауылында орналасқан Ленин ауданы; орталығы Мамлютка ауылында орналасқан Мамлют ауданы; орталығы Нұра ауылында орналасқан Нұра ауданы; орталығы Пресновка ауылында орналасқан Преснов ауданы; орталығы Рузаевка ауылында орналасқан Рузаев ауданы; орталығы жазғы Сарысу — Кент-Арал ауылында орналасқан Сарысу ауданы; орталығы Алексеевка ауылы болған Сталин ауданы; орталығы Токаревка ауылында орналасқан Тельман ауданы; орталығы Майбалық ауылында орналасқан Төңкеріс ауданы; орталығы Щучье ауылында орналасқан Щучинск ауданы; орталығы Казгородок ауылында орналасқан Еңбекшілдік ауданы; орталығы Еркіншілдік елдімекенінде орналасқан Еркіншілдік ауданы және Қарағанды қалалық кеңесі [14].

Кеңестік билік жүргізіліп жатқан өзгерістердің «дұрыстығына» сенімді болды. Жоғары мінбелерден жүргізіліп жатқан реформалардың дұрыстығын жақтаған сөздер айтылып жатты. 1932 жылы 28 тамыздағы Қарағанды облыстық атқару комитеті президиумының қаулысында «Социалистік құрылыстағы ұлы жетістіктер, бесжылдықты төрт жылда мүлтіксіз орындау — партияның дұрыс басшылық бағытының нәтижесі. Бұл социалистік индустрияландыруды қарқынды дамытуға, ауыл шаруашылығын түбегейлі қайта құруға және кулактарды тап ретінде жаппай ұжымдастыру арқылы жоюға мүмкіндік берді. Лениндік идеялармен қаруланып, жолбасшымыз Сталиннің басшылығымен, Одақтық үкіметтің, Өлкелік партия комитетінің және Қазақ үкіметінің басшылығымен Қазақстанның жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар бұған да зор жетістіктерге жетті. Қазақстан аграрлық мешеу елден аграрлық-индустриялық елге айналды» деген болатын [15].

Бірақ, әкімшілік-аумақтық өзгеріс жүргізілгенімен архив құжаттарынан инфроқұрылымды қалыптастыруда айтарлықтай қиындықтар болғанын көруге болады. Мысалы, Қарағанды облыстық атқару комитеті президиумында облыстағы байланыс желісінің дамуы жайлы баяндай отырып «А) бүгінгі күнге дейін 6 аудан орталығында электр байланысы жоқ; Ә) ауданішілік электр байланысы бар-жоғы 122 ауылдық кеңесті ғана қамтиды; Б) жергілікті/қалалық телефон станцияларының желісі тым әлсіз: облыс бойынша әрбір 100 тұрғынға небары 0,07 телефоннан ғана келеді; В) радиохабар таратумен әрбір 100 тұрғынға шаққанда небәрі 0,5 нүкте ғана қамтылған» деген деректер кездеседі [15; 9].

Қазақстан облыстарында жаңа қалалар мен елді мекендердің пайда болуы және ескі қалалар мен ауылдардың дамуы жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктердің, соның ішінде аудандардың құрылуына алып келді. 1932-1936 жылдары Қазақстан облыстарының, соның ішінде Қарағанды облысының ірілендірілген аудандары бөлшектеніп, қайта құрылды. Жаңа аудандар құрылып, кейбір аудандар Республикадағы басқа облыстардың қарамағына берілді. 1933 жылғы 22 ақпанда Сарысу ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына берілді. Сол күні Алматы облысының құрамынан Қарағанды облысына Шет ауданы (орталығы Ақсу-Аюлы) берілді. 1934 жылғы 4 шілдеде Шет ауданы Қарағанды облысының құрамынан Қарқаралы округінің құрамына ауыстырылды. Сонымен қатар Қарқаралы округінің құрамына Қарағанды облысынан Жаңаарқа ауданы да берілді [7; 160].

1935 жылғы 9 қаңтардағы Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен (1935 жылы 31 қаңтарда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті бекітті) Қазақ АКСР-інің жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі бекітілді. Қаулыға сәйкес Қарқаралы округінің құрамындағы Абыралы ауданы Шығыс Қазақстан облысының құрамына қосылса, Қарқаралы округі келесі құрамда бекітілді: Қарқаралы қаласы, бұрын тікелей Қазақ ОАК қарамағында болған Прибалхашстрой поселкесі және Баянауыл, Жаңаарқа, Қарқаралы, Қоңырат, Қу және Шет аудандары.

Қарағанды облысында жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініс 1935 жылғы 10 ақпандағы облыстық атқару комитеті президиумының қаулысымен енгізілді. Қаулы бойынша сегіз Вишнев, Зеренді, Калинин, Макин, Молотов, Полудин, Пресногорьков және Пришим сияқты жаңа аудан құрылды.

Облыс құрамына Қарағанды және Петропавл қалалары, оларға қосылған ауылдық кеңестермен бірге келесі аудандар кірді: Айыртау, Ақмола, Арықбалық, Атбасар, Бейнетқор, Булаев, Вишнев, Зеренді, Калинин, Қызылту, Көкшетау, Қызыләскер (Красноармейск), Қорғалжың, Ленин, Макин, Мамлют, Молотов, Нұра, Полудин, Преснов, Пресногорьков, Пришим, Рузаев, Сталин, Тельман, Төңкеріс (Тонкерей), Щучинск, Еңбекшілдер, Еркіншілік [16].

1936 жылы Қарағанды облысын екіге бөлу жұмыстарын ұйымдастыру жайлы сұрақтар көтеріле бастады. «Республиканың әкімшілік бөлінісі туралы материалдар және әкімшілік бірліктердің сипаттамалары» жайлы құжатта «Қазкрайком мен Совнарком қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы округі, Оңтүстік Қазақстан облысының Қарсақпай ауданы және Балқаш маңы ауданын қайта ұйымдастырып, екі облыс құруды дұрыс деп санайды: Солтүстік Қазақстан облысын орталығы Петропавл қаласы етіп және Қарағанды облысын орталығы Қарағанды қаласы» дей келіп «...Қарағанды облысы ауыл шаруашылығын механикаландыру жағынан (60 МТС-ке дейін), егістік жерлердің көлемінің ұлғаюы жағынан (1 245 000 га) және өнеркәсіп дамуы жағынан (Қарағанды көмір өндірісі, алтын трестері, сурьма құрылысы және т.б.) соншалықты өсіп, дамыды, сондықтан облысты басқару барлық шаруашылық және саяси өмірдің барлық салаларын қамтуға, аудандармен, МТС-тармен, совхоздармен және өндірістік кәсіпорындармен тікелей, нақты байланыс орнатуға қиындық туғызуда» деп атап өтті [17].

Одан бөлек, облыс орталығы Петропавл қаласы облыстың солтүстік шетінде орналасқандықтан, оңтүстіктегі аудандардан (Қорғалжың, Нұра және басқалары) 700 және одан да көп шақырым қашықтықта, нәтижесінде Ақмола қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан аудандарды басқару айтарлықтай қиындық туғызды.

Сонымен қатар, Қарағанды облысының оңтүстік аудандарында негізінен мал шаруашылығы басым болса, Ақмоладан солтүстікке қарай орналасқан барлық аудандар негізінен егін шаруашылығымен айналысты. Осы жағдайда Қарағанды облысының оңтүстік аудандардағы мал шаруашылығын жүйелі түрде дамытуға жеткілікті назар аударылмады.

Жаңа облыс құру туралы мәселені көтеруге итермелеген тағы бір маңызды себеп, осыған дейін теміржол Қарағанды қаласында аяқталып, Қарағандының оңтүстігіндегі аймақ иен дала, сирек қоныстанған өңір болғандықтан, жаңа облыс құрудың қажеттілігі болмады. Сонымен қатар, Қарағандыдан Балқаш аймағы аудандарымен байланыс орнату мүмкін болмады. Сондықтан, Қарсақпай ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына берілді. Себебі Орынбор темір жолындағы Жосалы стансасынан Қарсақпайға дейін 300 шақырымдық автомобиль жолы жүргізілген еді. Ал Балқаш аймағы Алматы облысының құрамында болды. Өйткені Түрксіб арқылы Балқашпен байланысу Қарағандыға қарағанда қолайлы еді.

XX ғ. 30 жылдардың ортасына қарай Балқашқа дейін темір жол тартылып, Жезқазған (Қарсақпай) бағытына жол құрылысы басталды. Жаңа теміржолдар осы аудандарды Қарағандыға жақындатып, бұл аймақтарда өнеркәсіп құрылысы мен мал шаруашылығымен айналысатын колхоздарды қоныстандыру қарқын ала бастады.

Қарқаралы округі Балқаш темір жолы салынғанға дейін Орталық Қазақстандағы мал шаруашылығы аудандарын нығайту үшін қажет болды. Бірақ Балқаш темір жолы округті кесіп өтіп, бұрынғы Қарқаралы округінің бірқатар аудандары арқылы өтетін болғандықтан, Қарқаралы округі қажетсіз болып қалды. Себебі бұл аудандардың барлығы тікелей Қарағандыға тартылды.

Осылайша, орталығы Қарағанды қаласында болатын жаңа облыс құрамына Қарқаралы округінің алты ауданы, Жезқазған немесе Қарсақпай ауданы, Балқаш маңы ауданы және Қарағанды облысының оңтүстік (Ақмола) аудандары — Ақмола, Вишневка, Тельман, Нұра, Қорғалжын және Еркіншілік аудандарын біріктіру көзделді [17; 2-3]. Облыс орталығы ретінде жоспарланған Қарағанды қаласы барлық аудандармен тікелей теміржол байланысы бар орталық болатыны жоспарланды.

1936 жылғы 29 шілдедегі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті Президиумының қаулысымен Қарағанды облысы екіге, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарына бөлінді.

Қарағанды облысы бұрынғы Қарағанды облысының бірқатар аудандарының, Қарағанды қаласының оған қосылған ауылдық кеңестермен бірге, осы қаулымен таратылған Қарқаралы округінің аудандары мен Оңтүстік Қазақстан облысының Қарсақпай ауданынан құрылды.

Осы қаулымен бұрынғы Қарағанды облысының Калинин ауданы екіге, орталығы Журавлёвка ауылында орналасқан Калинин ауданы және орталығы Новочеркасское ауылында орналасқан Новочеркас ауданына бөлінді. Новочеркас ауданы жаңадан құрылған Қарағанды облысының құрамына енді. Қарағанды облысы құрылған кезде келесі құрамда болды: Қарағанды қаласы оған қосылған ауылдық кеңестер және Прибалхашстрой поселкесі; Ақмола, Баянауыл, Вишнев, Жаңаарқа, Қарқаралы, Қарсақпай, Қоңырат, Қу, Қорғалжын, Новочеркас, Нұра, Тельман, Шет, Еркіншілік аудандары [16; 19]. Қалған барлық аудандар Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірді.

Жаңа облыстың құрылуы, өндірістік мүмкіндіктерінің жоғары болуы, облыс орталығы Қарағанды қаласының маңызын арттырды. Қарағанды халқының саны соғыс қарсаңында 87 %-ға көбейді [11; 18]. Ал, соғыс жылдарында соғыс аймағына жақын орналасқан зауыт-фабрикалардың Қазақстанға көшірілуі мен миграция нәтижесінде, Қазақстандағы қала халқы шамамен 160 мың адамға көбейіп, Қарағанды халқы 16,7 мыңға артты [11; 21].

Қарағандыда қалалық аудандардың құрылуы XX ғ. 30 жж. соңына жатады. 1938 жылдың 29 маусымында Қарағандыда үш: Киров — орталығы Киров атындағы шахты поселкесі, Ленин — орталығы Жаңа қала, Сталин — орталығы Ескі қала болып алғашқы үш қалалық аудан құрылды [18; 76-77].

1945 жылдың басында Қарағандыда 5 қалалық аудан құрылып, қаланың шеткері аймақтарын басқару жүзеге асты. 1945 жылы 5 қаңтардағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен қаладағы Сталин ауданын бөлшектеу нәтижесінде жаңа екі: Қарағанды және Сұрыптау елдімекені орталығы болған Железнодорожный және орталығы № 20 шахта елдімекені болған Шахтинск қалалық аудандары құрылды [18; 25]. 1945 жылы 1 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Самарқанд облыстық бағыныштағы Теміртау қаласы құрылды [18; 71].

1949 жылы Карагандагипрошахт институты болашақ Абай қаласының 13,5 мың халқы болуы тиіс құрылыс объектілерін салудың жоспарын жасады [19]. Ал, 1950 ж. «Карагандагипрошахт» институты Шерубай-Нұра көмір ауданын кешенді игерудің жобасы негізінде, 160 мың тұрғындық қаланың сызбасын жасады. 1954 жылдың 2 желтоқсанында Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен Қарағанды қаласының Шахтинск аудандық кеңесіне қарасты Шерубай-Нұра елдімекеніне жұмысшы поселкесі санаты берілді. Осы жарлықпен Шерубай-Нұра поселкелік кеңесі құрылып, оның құрамына Қараған, Вольный және Қызыл станциясы елдімекендері жатқызылды [20].

Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1961 жылғы 15 тамыздағы Жарлығы бойынша Шерубай-Нұра жұмысшы поселкесі облыстық бағыныштағы Абай қаласы болып қайта құрылды. Абай қалалық Кеңесінің құрамына Жаңа Қараған, Оңтүстік Қараған елдімекендері, Қызыл станциясы, Қарабас поселкелік кеңесі берілді.

Қаланың бұрынғы жергілікті өндірістік кәсіпорындары: ағаш өңдеу комбинаты, нан зауыты, лимонад цехы, автотаксопарк солтүстік батыс жағында болатын болса, шахталар тұрғын аудандар көшесінің қиылысқан жеріндегі алаңда орналасқан 600 орындық кеншілер Мәдениет үйі 1958 жылы пайдалануға берілген еді.

1954 жылдың 20 желтоқсанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қарағанды қалалық Шахтинск ауданының Саран елдімекені облыс бағынышындағы қала болып қайта құрылды [21].

1961 жылдың 15 тамызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Тентек — Шахтинск және Шерубай-Нұра — Абай елдімекендері облыс бағынышындағы қала болып құрылды [22].

Әрбір халық санағы сайын немесе ірі әкімшілік-аумақтық өзгеріс бойынша анықтамалық жинақтар шығарылды. Сондай жинақтардың бірі «КазССР. Административно-территориальное деление» атауымен шығарылды. Кеңес дәуірінде (1936-1989 жж. аралығында) 9 рет шығарылған жинақта, республика бойынша қалалар, қала типтес поселкелер, ауылдық елдімекен атаулары, әкімшілік орталығы, әрбір облыс бойынша халық саны көрсетілді. Сонымен бірге жинақ шығарылғанда, өткен санында жіберілген қателер, ескерусіз қалған жайттар қайта қаралып түзетілді.

Аталған жинақ Қарағанды облысының немесе Қарағандыға қарасты қалалар мен қала типтес поселкелердегі және оған қарасты селолық немесе ауылдық елдімекендердегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді, елдімекендер немесе халық санын жүйелеп отыруға мүмкіндік береді.

1959 жылы 1 қаңтарда республика бойынша облыстар саны — 15; қалалық аудандар — 9; қалалар — 43, оның ішінде республикалық бағынышта — 1, облыстық бағынышта — 27, аудандық бағынышта 15; жұмысшылар поселкелерінің саны — 142, курорттық поселке саны — 1 болды.

Қарағанды облысы бойынша облыстық бағыныштағы қалалар саны 5-ке жетті. Олар Қарағанды (1934), Балқаш (1937), Жезқазған (1954), Саран (1954), Теміртау (1945) қалалары.

Жұмысшылар поселкелерінің саны 26-ға жеткен болатын. Олар: Ағадыр (1941), Ақтас (1957), Ақтау (1950), Ақшатау (1944), Атасу (1941), Шығыс Қоңырат (1956), Гүлшат (1957), Жамбыл (1950), Жезқазған (1937), Дәрия (1956), Заводской (1957), Қарабас (1954), Қарағайлы (1954), Қаражал (1950), Қарсақпай (1933), Қоңырат (1938), Қорғасын (1956), Марганец (1954), Мойынты (1938), Никольский (1956), Новодолинка (1954), Сарышаған (1956), Семізбұғы (1944), Токаревка (1946), Өспен (1937), Шерубай-Нұра (1954) поселкелері еді.

Жезқазған қалалық кеңесіне: Ақтас, Жезқазған, Қарсақпай, Марганец, Никольский жұмысшылар поселкелері; Балқаш қалалық кеңесіне: Шығыс Қоңырат, Гүлшат, Қоңырат, Мойынты, Сарышаған поселкелері, Саран қалалық кеңесіне: Қарабас, Новодолинка, Шерубай-Нұра поселкелері қарады [23].

Қалаларды көркейту мәселесі орталықтың келісімімен республика көлемінде шешілді. Мысалы 1957 жылы республикаға қалаларды көркейту жұмыстарына 17 600 мың сом бөлінді. Көрсетілген қаржының 1 350 мың сомы Қарағандыға бөлінді [24]. Осы жылы аудан орталықтары мен жұмысшылар поселкелерін көркейту жұмыстарына республикалық бюджеттен 25 875 мың сом бөлінсе, Қарағанды облысына 2 175 мың сом бөлінді. Осы жылы аудан орталықтары мен жұмысшылар поселкелерінің саны 345-ке жетті. Қарағанды облысы бойынша жұмысшылар поселкесінің саны — 29-ға жетіп, республика көлемінде Шығыс Қазақстан облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысынан кейінгі 3-ші көрсеткішке ие болды [24; 11].

1975 жылы 1 қаңтарда республикада 19 облыс; 210 аудан; 29 қалалық аудан; 82 қала, республикалық бағынышта 1 қала; облыстық бағынышта 48 қала; аудандық бағынышта 33 қала; 183 қалалық поселке тіркелді [25].

1959 жыл 1 қаңтардағы мәліметпен салыстырғанда республикада қалалардың өсуі — 52,4 %, ал қала типтес поселкелер саны 78,1 %-ға артты.

1961 жылы 6 наурыздағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен республикадағы қоныстар қалалық және ауылдық елдімекендерге бөлінді. Қалалық елдімекенге аудандық, облыстық бағыныштағы қалалар мен қалалық поселкелер жатқызылды. Қалалық поселкені «жұмысшы және курорттық поселке» деген атау орнына «қалалық поселке» деген атау енгізілді. Қала және қалалық поселке санатына енгізілмеген қоныстар ауылдық елдімекенге жатқызылды.

1970 жылдары Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақты болды. Алайда өндірістік құрылым күрделеніп, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық мамандандырылған екі аумақтық аймақ (Қарағанды және Жезқазған) айқындалды. Бұл жергілікті жерлерде жоспарлауды жетілдіру қажеттілігін туындатты. Нәтижесінде, 1973 жылы 20 наурызда Орталық Қазақстанда әкімшілік-аумақтық тұрғыдан үлкен өзгеріс болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының № 1575—VIII Жарлығымен орталығы Жезқазған қаласы болып бекітілген Жезқазған облысы құрылды. Облыс құрамына Қарағанды облысынан Жезқазған, Балқаш және Қаражал қалалары; Ақтоғай, Жезді, Жезқазған, Жаңаарқа және Шет аудандары енді. Осы жарлықпен Жезқазған облысы құрамында орталығы Ағадыр поселкесі болған Ағадыр ауданы құрылды.

1975 жылы 1 қаңтарда Жезқазған облысының халқының саны 440,9 мыңға жетті. Қала халқының саны 342,9 мың, облыс халқының 77,7 % құрады. Облыстық бағынышта 4 қала — Жезқазған, Балқаш,

Қаражал, Никольский тіркелді. Қала типтес поселкелердің саны 20-ға жетті. Олар: Ағадыр, Ақтас, Ақшатау, Атасу, Шығыс Қоңырат, Гүлшат, Жамбыл, Жезқазған, Дәрия, Қарсақпай, Қоңырат, Марганец, Мойынты, Никольский, Сарышаған. Ағадыр ауданына қарасты Жамбыл жұмысшылар поселкесі мен Қызылжар поселкесі Қаражал қалалық кеңесіне бірікті.

Өспен жұмысшылар поселкесі ауылдық елдімекен санатына ауыстырылып, орталығы Өспен елді мекені Шет аудандық әкімшілігіне берілді. Ал Марганец поселкесінің атауы Жезді болып өзгертілді [25; 29-30].

1975 жылы Қарағанды облысындағы халық саны 1223,3 мыңды құрады. Қала халқының үлесі облыс халқы бойынша 85,3 % құрады. Қалалық аудандардың санында өзгеріс жоқ. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1961 жылғы 14 қарашадағы қаулысымен Қарағанды қалалық Сталин ауданы — Октябрь, 1963 жылдың 7 қаңтарында Киров және Шахтинск қалалық аудандары біріктіріліп, алғашқыда Киров, ал кейінірек 1969 жылдың 14 мамырында Советский деп аталды [25; 33].

Қарағанды облысының аумағындағы күрделі әкімшілік аумақтық өзгеріс 1997 жылы орын алды. Әкімшілік-аумақтық құрылымды оңтайландыруға байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 мамырдағы Жарлығына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы» Заңының 9-бабына сәйкес Қарағанды облысының шекарасы таратылған Жезқазған облысының аумағы есебінен өзгертілді. Облыс орталығы ретінде Қарағанды қаласы қалдырылды [16; 20]. Осы заңға қатысты, тек қана Жезқазған немесе Қарағанды облыстары ғана емес, Алматы, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарына өзгерістер енгізілді.

Таратылған Жезқазған облысының аумағы Қарағанды облысының құрамына қосылуына байланысты облыстың шекарасы өзгерді. Қарағанды облысына Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев қалалары мен Ағадыр, Ақтоғай, Жаңаарқа, Жезді, Тоқырауын, Шет аудандары кірді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы № 3528 Жарлығымен Ағадыр, Жезді, Қазыбек би, Молодежный, Тельман, Теңіз, Тоқырауын аудандары таратылды. Ульянов ауданы Бұқар жырау ауданы болып қайта аталып, Мичурин ауданы Абай ауданы болып өзгерді. Аудан орталығы Абай қаласына көшіріліп, ол аудандық маңызы бар қала мәртебесіне ие болды. Жезқазған қаласының әкімдігіне бағынған Сәтбаев қаласы да аудандық маңызы бар қала санатына ауыстырылды.

Аудан шекараларына өзгерістер енді. Ағадыр ауданының аумағы Шет ауданының құрамына, Жезді ауданының аумағы Ұлытау ауданының құрамына, Қазыбек би ауданының аумағы Қарқаралы ауданының құрамына, Молодежный ауданының аумағы Осакаров ауданының құрамына, Тельман ауданының аумағы Бұқар жырау ауданының құрамына, Теңіз ауданының аумағы Нұра ауданының құрамына, Тоқырауын ауданының аумағы Ақтоғай ауданының құрамына қосылды.

Аумағы үлкейген Қарағанды облысының құрамына Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Приозерск, Сарань, Теміртау, Шахтинск қалалары мен Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары кірді.

Қарағанды облысы аумағында келесі кенттер тіркелді: Ағадыр, Ақжал, Ақтас, Ақтау, Ақшатау, Атасу, Ботақара, Ғабиден Мұстафин, Гүлшат, Дария, Долинка, Жайрем, Жамбыл, Жезді, Жезқазған, Изумрудный, Қарабас, Қарағайлы, Киевка, Қоңырат, Қушоқы, Қызылжар, Мойынты, Молодежный, Новодолинский, Осакаровка, Сәкен Сейфуллин, Саяқ, Топар, Шалғын, Шахан, Шашубай, Шұбаркөл, Оңтүстік [16; 29].

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 25 наурыздағы № 58-ө «Ұлытау, Абай және Жетісу облыстарын құру мәселелері жөніндегі комиссия туралы» өкімімен жұмыс тобы құрылды [26]. Жұмыс тобы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 744 «Қарағанды облысының шекарасын өзгерту және Ұлытау облысының шекарасын белгілеу туралы» қаулысымен жаңадан құрылған екі облыстың аумағы анықталды [27]. Қаулыға сәйкес Жезқазған, Сәтбаев және Қаражал қалалары мен Жаңаарқа және Ұлытау аудандарының жерін қосу арқылы Ұлытау облысының шекарасы белгіленді. Ал Қарағанды облысының құрамында 7 аудан, 6 қала тіркелді: олар Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандары мен Қарағанды, Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау және Шахтинск қалалары.

Қорытынды

Қарағанды облысының әкімшілік-аумақтық өзгерістері Қазақстан тарихының бірегей кезеңдерін көрсетеді. Кеңес өкіметі дәуірінде облыс аумағы бірнеше мәрте қайта қаралып, аудандық

құрылымдар жиі өзгеріп отырды. Бұл өзгерістер көбіне экономикалық жоспарлауға, индустриаландыруға және ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға байланысты жүргізілді. Қарағанды облысының өнеркәсіптік әлеуеті орталық билік үшін стратегиялық маңызға ие болды, сондықтан өңірдің әкімшілік құрылымы өндіріс пен халық санын тиімді басқаруға бейімделді.

Кеңес өкіметінен қалған мұра ретінде облыста ірі өндіріс орындары, урбанизацияланған қалалар жүйесі және кеңестік жоспарлы шаруашылықтың құрылымы сақталды. Алайда, тәуелсіздік жылдарында бұл жүйе нарықтық экономика талаптарына бейімделіп, көптеген әкімшілік реформалар жүргізілді. Жезқазған облысының таратылып, оның аумағының қайтадан Қарағанды облысына қосылуы, аудандар мен қалалардың шекарасының өзгеруі осының айқын көрінісі.

Қазіргі Қазақстан жағдайында Қарағанды облысы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маңызды индустриялық өңір болып қалуда. Әкімшілік-аумақтық өзгерістер елдің өңірлік саясаты мен басқару тиімділігін арттыру мақсатында жалғасуда. Бүгінгі күні облыстың даму басымдықтары айқындалып, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Жалпы алғанда, Қарағанды облысының әкімшілік аумақтық құрылымы тарихи дәуірлердің айнасы. Кеңестік кезеңнің ауыр және қарама-қайшы мұрасынан қазіргі заманның жаңғырған және дербес Қазақстанның даму бағытына өткен өңір — тәуелсіз елдің тұрақты және қарқынды дамушы өңірлерінің бірі ретінде қалыптасып отыр.

Алғыс білдіру

Мақала Қарағанды облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бойынша «Қарағанды облысының бірінші басшылары (1932-2024 жж.)» жобасының қолдауымен дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке / Б.М. Абдрахманова. — Карағанды: «Гласир», 2010. — 242 с.
- 2 Жакин М.С. Осакаров ауданының топонимикасы / М.С. Жакин. — Карағанды: «Гласир» баспасы, 2015. — 400 б.
- 3 Жакин М.С. Ұлытау өңірінің топонимикасы / М.С. Жакин. — Карағанды: «Гласир», 2018. — 500 б.
- 4 Аршабеков Т.Т. Карағанды облысы Нұра ауданының топонимикалық картасы: тарихи негіздеме / Т.Т. Аршабеков, М.С. Жакин, Ж.А. Жұмабеков — Карағанды: «Гласир» баспасы, 2009. — 220 б.
- 5 Досмағамбетов С.К. Центральный Казахстан: природа и природные ресурсы, события и люди, реформы и развитие / С.К. Досмағамбетов. — Алматы: ИД «Желтые страницы», 2003. — 562 с.
- 6 Декреты Советской власти. — Москва: Политиздат, 1980. — Т. X. Август — сентябрь 1920 г. — 412 с.
- 7 Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлініс тарихынан (25.04.1921 г. — 01.01.2017 г.) = Административно-территориального деления Северо-Казахстанской области (25.04.1921г. — 01.01.2017г.). — Петропавл, 2017. — 492 б.
- 8 Центральнй государственный архив Республики Казахстан (далее — ЦГА РК). — Ф. 30. — Т. 2. — Д. 339. — Л. 28.
- 9 Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200>
- 10 Голиков Н.Ф. Проблемы расселения населения Казахстана / Н.Ф. Голиков, Б.Я. Двоскин, М.Д. Спектор. — Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1989. — 247 с.
- 11 Исаков У.М. Города Казахстана: проблемы социально-экономического развития / У.М. Исаков. — Алма-Ата: Наука, 1985. — 160 с.
- 12 Государственный архив Карагандинской области (далее — ГАКО). — Ф. 257. — Т. 1. — Д. 6. — Л. 38.
- 13 Собрание узаконений и распоряжений Рабоче-Крестьянского правительства РСФСР за 1934 г. № 9. — М.: Госиздат, б. г. — 370 с.
- 14 ЦГА РК. — Ф. 30. — Т. 2. — Д. 847. — Л. 3.
- 15 Северо-Казахстанский государственный архив (СКГА). — Ф. 1189. — Т. 1. — Д. 4а. — Л. 22.
- 16 Караганда. Справочник по истории административно-территориального устройства Карагандинской области (29 июля 1936 г. — 1 января 2006 г.) / отв. редактор У.А. Амантаев. — Караганда: Отдел архивов и документации Карагандинской области, 2006. — 196 с.
- 17 ЦГА РК. — Ф. 30. — Т. 5. — Д. 1044. — Л. 17.
- 18 ЦГА РК. — Ф. 1109. — Т. 5. — Д. 1. — Л. 71.
- 19 Рахымқызы А. Қаламыздың тарихы еліміздің тарихы / А. Рахымқызы // «Абай-Ақиқат» газеті, 2001 жыл. — 3 ақпан.

- 20 Рахымқызы А. Қаламыздың тарихы еліміздің тарихы / А. Рахымқызы // «Абай–Ақиқат» газеті, 2001 жыл. — 17 наурыз.
- 21 Ведомости Верховного Совета СССР. — М.: Издание Верховного Совета СССР, 1955. — № 1 (23 января). — 32 с.
- 22 Ведомости Верховного Совета РСФСР. — М.: Издание Верховного Совета РСФСР, 1961. — № 36 (14 сентября). — 548 с.
- 23 Казахская ССР. Административно-территориальное деление на 1 января 1959 года. — 3-издание. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1959. — 101 с.
- 24 ЦГА РК. — Ф. 1697. — Т. 2. — Д. 91. — Л. 3.
- 25 Казахская ССР. Административно-территориальное деление на 1 января 1975 года. — Издание 6-е. — Алма-Ата: Казахстан, 1975. — 175 с.
- 26 Ұлытау, Абай және Жетісу облыстарын құру мәселелері жөніндегі комиссия туралы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2200000058>
- 27 Қарағанды облысының шекарасын өзгерту және Ұлытау облысының шекарасын белгілеу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 744 қаулысы. — [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000744>

К.Т. Бодеев, Н.А. Амантаева

История административно-территориальных изменений Карагандинской области (1932–2022 гг.)

В статье рассматриваются административно-территориальные изменения Карагандинской области, которая является второй по величине территорией в Республике Казахстан. На основе архивных материалов и официальных законодательных документов исследуется период от момента образования Карагандинской области до последнего крупного территориального изменения — выделения Улытауской области. Актуальность исследования заключается в систематическом рассмотрении территориальных изменений, произошедших в Карагандинской области с момента её создания в советский период и в годы независимости Казахстана. Авторы приходят к выводу, что этапы формирования современной территории Карагандинской области и причины административно-территориальных преобразований в регионе в значительной степени были обусловлены советским принципом территориального деления, осуществлённым без учёта исторически сложившихся традиционных хозяйственных укладов, экономических возможностей, а также особенностей кочевых маршрутов родоплеменных объединений. Этот процесс продолжился и после обретения Казахстаном независимости, когда территориальные преобразования проводились преимущественно на основе советской системы административного деления. Установлено, что административно-территориальные изменения на территории Карагандинской области проходили в рамках общереспубликанских мероприятий и в большинстве случаев решались на центральном уровне.

Ключевые слова: Карагандинская область, история, административно-территориальные изменения, советский период, Казахская ССР, независимый Казахстан.

K.T. Bodeyev, N.A. Amantayeva

The History of Administrative-Territorial Changes in Karaganda Region (1932–2022)

This article examines the administrative-territorial changes of Karaganda Region, which is the second largest region by area in the Republic of Kazakhstan. Based on archival materials and official legal documents, the study covers the period from the establishment of Karaganda Region up to the most recent major territorial change — the separation of Ulytau Region. The relevance of the research lies in the systematic analysis of territorial changes that have occurred in Karaganda Region from its formation during the Soviet period to the transformations during Kazakhstan's independence. The authors conclude that the stages of formation of the modern territory of Karaganda Region and the causes of administrative-territorial transformations were largely influenced by Soviet principles of territorial delimitation, which were implemented without considering the historically established traditional economic practices, economic opportunities, and the specific features of clan-tribal migration routes. This process continued after Kazakhstan gained independence, when territorial reforms were also primarily based on the Soviet administrative-territorial system. It has been established that administrative-territorial changes in Karaganda Region were carried out within the framework of nationwide initiatives and were mostly decided at the central level.

Keywords: Karaganda Region, history, administrative-territorial changes, Soviet period, Kazakh SSR, independent Kazakhstan.

References

- 1 Abdrakhmanova, B.M. (2010). *Istoriia Kazakhstana: vlast, sistema upravleniia, territorialnoe ustroistvo v XIX veke* [History of Kazakhstan: Power, System of Governance, and Territorial Structure in the 19th Century]. Karagandy: «Glasir» [in Russian].
- 2 Zhakin, M.S. (2015). *Osakarov audanyryn toponimikasy* [Toponymy of Osakarov District]. Qaragandy: «Glasir» baspasy [in Kazakh].
- 3 Zhakin, M.S. (2018). *Ulytau onirinin toponimikasy* [Toponymy of the Ulytau Region]. Qaragandy: «Glasir» [in Kazakh].
- 4 Arshabekov, T.T., Zhakin, M.S., Zhumabekov, Zh.A. (2009). *Qaragandy oblysy Nura audanyryn toponimikalyq kartasy: tarikhi negizdeme* [Toponymic Map of Nura District of Karaganda Region: Historical Justification]. Qaragandy: «Glasir» [in Kazakh].
- 5 Dosmagambetov, S.K. (2003). *Tsentrallyi Kazakhstan: priroda i prirodnye resursy, sobytiia i liudi, reformy i razvitie* [Central Kazakhstan: Nature and Natural Resources, Events and People, Reforms and Development]. Almaty: ID «Zheltie stranitsy» [in Russian].
- 6 (1980) *Dekrety Sovetskoi vlasti. T. X. Avgust — sentiabr 1920 g.* [Decrees of Soviet Power. Vol. X. August — September 1920]. Moscow: Politizdat [in Russian].
- 7 (2017). *Soltustik Qazaqstan oblysynyn akimshilik-aumaktyq bolinis tarikhynan (25.04.1921 g. — 01.01.2017 g.) = Administrativno-territorialnogo deleniia Severo-Kazakhstanskoi oblasti (25.04.1921g. -01.01.2017g.)* [From the History of the Administrative-Territorial Division of the North Kazakhstan Region (April 25, 1921 — January 1, 2017)]. Petropavl [in Kazakh].
- 8 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — T. 2. — D. 339. — L. 28 [in Russian].
- 9 Qazaqstan Respublikasynyn akimshilik-aumaktyq qurylysy turaly [On the Administrative-Territorial Structure of the Republic of Kazakhstan]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200> [in Kazakh].
- 10 Golikov, N.F., Dvoskin B.Ya., & Spektor, M.D. (1989). *Problemy rasseleniia naseleniia Kazakhstana* [Problems of Population Settlement in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 11 Isakov, U.M. (1985). *Goroda Kazakhstana: problemy sotsialno-ekonomicheskogo razvitiia* [Cities of Kazakhstan: Problems of Socio-Economic Development]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 12 GAKO [Karaganda Regional State Archive]. — F. 257. — T. 1. — D. 6. — P. 38 [in Russian].
- 13 *Sobranie uzakonenii i rasporiazhenii Raboche-Krestianskogo pravitelstva RSFSR za 1934 g. № 9* [Collection of Laws and Orders of the Workers' and Peasants' Government of the RSFSR for 1934, No. 9]. Moscow: Gosizdat [in Russian].
- 14 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — T. 2. — D. 847. — L. 3 [in Russian].
- 15 GASKO [North Kazakhstan Regional Archive]. — F. 1189. — T. 1. — D. 4a. — L. 22 [in Russian].
- 16 Amantaev, U.A. (Ed.). (2006). *Karaganda. Spravochnik po istorii administrativno-territorialnogo ustroistva Karagandinskoi oblasti (29 iuliia 1936 g. — 1 yanvaria 2006 g.)* [Karaganda. Handbook on the History of the Administrative-Territorial Structure of Karaganda Region (July 29, 1936 — January 1, 2006)]. Karaganda: Otdel arkhivov i dokumentatsii Karagandinskoi oblasti [in Russian].
- 17 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — T. 5. — D. 1044. — L. 17 [in Russian].
- 18 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1109. — T. 5. — D. 1. — L. 71 [in Russian].
- 19 Rakhymkyzy A. (2001). *Kalamyzdyn tarikhy elimizdin tarikhy* [The History of Our City is the History of Our Country]. *Abai-Aqiqat — Abai-Truth* [in Kazakh].
- 20 Rakhymkyzy, A. (2001). *Qalamyzdyn tarikhy elimizdin tarikhy* [The History of Our City is the History of Our Country]. *Abai-Aqiqat — Abai-Truth* [in Kazakh].
- 21 (1955). *Vedomosti Verkhovnogo Soveta SSSR* [Bulletin of the Supreme Soviet of the USSR]. Moscow: Izdanie Verkhovnogo Soveta SSSR, 1 (January 23), 32 [in Russian].
- 22 (1961). *Vedomosti Verkhovnogo Soveta RSFSR* [Bulletin of the Supreme Soviet of the RSFSR]. Moscow: Izdanie Verkhovnogo Soveta RSFSR 36 (September 14th) [in Russian].
- 23 (1959). *Kazakhskaiia SSR. Administrativno-territorialnoe delenie na 1 yanvaria 1959 goda. 3-izdanie* [Kazakh SSR. Administrative-Territorial Division as of January 1, 1959. 3rd Edition]. Alma-Ata: Kazgosizdat [in Russian].
- 24 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1697. — T. 2. — D. 91. — L. 3 [in Russian].
- 25 (1975). *Kazakhskaiia SSR. Administrativno-territorialnoe delenie na 1 yanvaria 1975 goda. Izdanie 6-e* [Kazakh SSR. Administrative-Territorial Division as of January 1, 1975. 6th Edition]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 26 Ulytau, Abai zhane Zhetisu oblystarynyn quru maseleleri zhonindegi komissiiia turaly [On the Commission regarding the establishment of Ulytau, Abai, and Zhetysu regions]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2200000058> [in Kazakh].

27 Qaragandy oblysynyn shekarasyn ozgertu zhane Ulytau oblysynyn shekarasyn belgileu turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2022 zhylgy 26 qyrkuiektegi № 744 qaulysy [On the Commission regarding the establishment of Ulytau, Abai, and Zhetysu regions]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000744> [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Бодеев Канат — PhD, профессор ассистенті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2172-1558>

Амантаева Назерке — педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-2919-1352>

Information about the authors

Bodeyev Kanat — PhD, Assistant Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2172-1558>

Amantayeva Nazerke — Master of Pedagogical Sciences, Lecturer, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-2919-1352>